

1-дәріс.

Курстың пәні, мәселелері және анықтамалар. Ақпараттық жүйелер аудитін жүргізу әдіснамасы

Лекция мақсаты: Пәннің мақсатымен және қажеттілігімен танысу. Ақпараттық жүйелер аудитінің әдістемелеріне шолу .

Лекцияның сұрақтары:

1. Кіріспе . Пәннің өзектілігі, мазмұны
2. Ақпараттық технологиялар ортасы және IT-аудит ұғымдары
3. АТ аудитін жүргізу әдістемесі ШОБ мысалы бойынша

Пәннің мазмұны

Бұл пәнді оқып игеру нәтижесінде келесі сұрақтарға жауап аламыз:

- ✓ АТ аудиті не үшін керек?
- ✓ АТ аудитінің қандай стандарттары бар?
- ✓ Олардың мазмұны қандай?
- ✓ Аудит жасау үрдісінің тәртібі қалай жүргізіледі?
- ✓ Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу нәтижелері бойынша аудиторлық қорытынды қалай жасалады?
- ✓ Мекеменің максималды тиімділікпен жұмыс істеуіне қол жеткізу үшін не істеу керек?

Мұндағы ең бастысы – АТ аудиті құзыретті мамандар қолындағы қуатты да, тиімді құрал екендігіне көз жеткізу.



АТ аудитінің басты нысаны - Корпоративтік ақпараттық жүйелер (АТ ортасы) десек, ол мекеменің бизнес-стратегиясын және озық АТ біріктіретін басқарушылық идеология

1. Басқарушылық – жетекші орындағы


2. АТ арқылы автоматтандыру екінші орындағы мәселе . Біз қаратсыратын аудитте осы жерде.

Күрделі өндірістік үрдістегі басқару жүйелерін жетілдіру жолдары - басқару жүйелерінің түрлері басқару аппаратындағылардың санын өсіру, біліктіліктерін жетілдіру және басқару жұмыстарын автоматтандыру арқылы көбеюі мүмкін.

Ұйымның бизнес-процестерін, оның қаржылық-шаруашылық қызметіне және ондағы АТ қызметіне байланысты ішкі сұрақтар үнемі пайда болып отырады.

сұрақтарға жауап іздеу үшін ұйым басшылары ішкі аудит қызметтеріне жүгінеді немесе сырттан аудиторлық компанияларды, кеңесшілерді шақырады.

Ішкі аудит есептері мен ақпаратты кез келген уақытта сұранысқа сай ұсынса, ал сыртқы (үшінші тарап аудиторлары) – келсім-шарт жасалғаннан кейін ғана атқарады. АТ ұйымы туралы білім базасын қолдау АТ қызметтерінің ашықтығын қамтамасыз етеді, ІТ қызметтердің өзара тиімді әрекетін ұйымдастырады, оны тиімді басқаруға көмектеседі.



СТРУКТУРНАЯ СХЕМА ВИДОВ ИТ-АУДИТА



Автор – Елена Горчакова